

Ертіс ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салықтар мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2024 жылғы 6 наурыздағы № 70-19-8 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 11 наурызда № 7501-14 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2025 жылғы 19 желтоқсандағы № 154-46-8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 19.12.2025 № 154-46-8 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабы 5-тармағына сәйкес, Ертіс аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ертіс ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 % - дан 2 % - ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға тиіс.

Ертіс аудандық мәслихатының төрағасы

Б. Шингисов